

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2023 - 2024 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 109 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген) сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2023-2024 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Маңғыстау облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Ноғасев

Маңғыстау облысы әкімдігінің

"1" тамыз 2023 жылғы

№ 109 қаулысына қосымша

Жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың 2023-2024 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

	Білім беру саласының коды	Даярлау бағыттарының	2023-2024 оқу жылына	Оқу жылына 1 маманды оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар құны (теңге) күндізгі оқыту
--	---------------------------	----------------------	----------------------	---

№	ж ә н е сыныпталуы	коды және сыныпталуы	мемлекеттік білім беру тапсырыс көлемі	ұлттық жоғары білім беру ұйымдарында	басқа жоғары білім беру ұйымдарында
1	Бакалавриат 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B021 Өнер	10	1 049 300	922 500
2	Бакалавриат 6B10 Денсаулық сақтау	6 B 1 0 1 Денсаулық сақтау	165	1 188 000	1 001 000
3	Резидентура 7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	7R011Денсаулы (қ сақтау	33	1 939 900	1 398 900

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК